

**Бекітілді**  
**«АЖК және ТК» КМҚК**  
**қызметкерлерінің жиналысында**  
**«29» қантар 2021 жыл.**

**Алматы қаласы Білім басқармасының**  
**«Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі» КМҚК**  
**жұмыс беруші және қызметкерлер арасындағы**  
**2019-2021 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа**  
**№2 Қосымша Келісім**

Алматы қаласы.

29 қантар 2021 жыл.

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжі» Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі қарай - Колледж), іс-әрекет жасаушы Колледж директоры С.Т.Сулейменов, бір тараптан және Колледж Қызметкерлері (бұдан әрі қарай - Қызметкерлер), жұмысшылар мүдделерін ұсынатын Колледждің кәсіподақ комитетінің (бұдан әрі – Кәсіподақ комитеті) атынан төрағасы С.Е.Бастасов, екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 156 бабының 8-тармағы негізінде осы келісім төмендегідей жасалды:

1. Ұжымдық шарттың 4.15. тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

4.15. Жұмыс беруші қызметкерлерге төмендегідей жағдайларда:

- отбасында бала туылғанда – 5 күнтізбелік күнге дейін;
- жаңа мекенжайға көшуіне байланысты – 5 күнтізбелік күнге дейін;
- балаларын әскер қатарына шығарып салу үшін – 5 күнтізбелік күнге дейін;
- қызметкердің некесінің тіркелуіне байланысты (қызметкер балаларының)– 5 күнтізбелік күнге дейін;
- жақын туыстарын жерлегенде – 5 күнтізбелік күнге дейін;
- жұмыс жасайтын мүгедектерге - 15 күнтізбелік күнге дейін;
- жасы бойынша жұмыс жасайтын зейнеткерлерге –14 күнтізбелік күнге дейін ақысыз демалыс беруге міндетті.

2. Ұжымдық шарттың «Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері мен құқықтарын қорғау» Х бөлігінде төмендегі мәтіндегі 10.3.5. - тармағы жойылсын:

10.3.5. Кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлердің, сондай-ақ ұжымдық шарттың әрекеті қолданылатын кәсіподақ мүшелері емес басқа да қызметкерлердің жазбаша өтініштері, мүшелік жарналары болған кезде, ұйымның есептік шотынан кәсіподақ ұйымының есептік шотына жалақының 1% мөлшерінде қаражатты ай сайын тегін аударуды қамтамасыз етуге. Қаражаттарды аудару толық мөлшерде және жалақыны берумен қатар жүргізіледі;

3. Осы Келісім Ұжымдық шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Осы Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Келісімге әрқайсысының бірдей заңды күші бар 4 (төрт) данада қол қойылды және мөрлермен куәландырылған. Колледжде, Кәсіподақ комитетінде, Алматы қаласының әлеуметтік әл-ауқат басқармасында, Алматы қалалық «Ұстаз» жергілікті кәсіподағында бір данадан сақталады.

5. Келісім көшірмесі Колледждің барлық бөлімшелеріне беріледі.

**Жұмыс берушінің атынан:**

Алматы қаласы Білім басқармасының  
«Алматы жолаушылар көлігі және  
технологиялар колледжі» КМҚК директоры  
\_\_\_\_\_ **С.Т.Сулейменов**

**Колледж Қызметкерлерінің атынан:**

Алматы қаласы Білім басқармасының  
«Алматы жолаушылар көлігі және  
технологиялар колледжі» КМҚК  
кәсіподақ ұйымының төрағасы

\_\_\_\_\_ **С.Е.Бастасов**